

## БЫМ: Ұжымдық жұмыс. Суреттер сөйлейді.



1. Суреттен қандай тарихи орынды көріп отырмыз, өз пікірің?
2. Суретті тарихи тұлғаны кім деп ойлайсың?
3. Тарихқа қосқан үлесі

# Картамен жұмыс

Андрон мәдениеті тараған аймақ



# Андрон мәдениеті тараған аймақ



**Андронов мәдениеті.** Археологиялық деректерге карағанда, Андронов мәдениеті дәуірінде халық- тың басым көпшілігі отырықшылықта өмір сүрген. Өзендердің, көлдердің жағасындағы жайылымы мол жерлерге орналасқан патриархаттық отбасылардың үйлері мен үлкен жер төбелері болған. Олардың жанынан әр түрлі шаруашылық жайлар мен мал қамайтын орындар салынған. Өйткені, бұл кезде мал бағу кәсібі басымырақ еді. Тайпалар малшылық-егіншілікпен аралас шұғылданды. Адамдар металдан еңбек құралдарын, қарулар және сәндік заттар жасауды жақсы білген. Олар түбі шығынқы балталар, сағасында ойығы бар пышақтар, балға, шоттар, найзалар мен жебелердің өзгеше ұштары, білезіктер, айналар, моншақтар және әр түрлі ілмешектер, егінді оратын орақ, пішенді шабатын шалғы сияқты құралдарды өздері жасап күнделікті тұрмыста кеңінен қолданды.

**Беғазы - Дәндібай мәдениеті.** Қақпақ тастардан тұрғызылған зәулім кесенелерімен, мәйітті бір қырынан, аяқ-қолын бауырына жинап, сонымен қатар шалқалатып жерлеу, олардың жандарына қару-жарақ, әшекей бұйымдар қою ғұрыптарымен ерекшеленеді. Қыш көзелердің пішіні, жасалу, өрнектелу өзгешелігімен де айрықшаланады. Беғазы - Дәндібай мәдениетінің кесенелері күрделі сәулет өнеріне жатады. Олар көбіне дөңгелек, төртбұрышты болып келеді. Ғимараттардың үсті қақпақ тастармен немесе жуан бөренелермен сатылы (пирамидалы) әдіспен жабылып, мәйіт ортадағы үлкен тас жәшіктерге жерленген. Қоныстар мен тұрақтардан табылған көзе ыдыстардың таяқшамен батыңқы сызылып салынған сыртқы өрнектері қарапайым, қиғаш, көлбей салынған шырша, тырнақ, шекілдеуік, жарты ай бейнелі, мойны мен ернеуіне белдемшелер жапсырылған. Беғазы - Дәндібай мәдениеті жасаушы тайпалар да андрондықтар сияқты негізінен табиғат күштеріне (күн, от, су, т.б.) табынған. Сонымен қатар басты күнкөріс көзі есептелген жылқы, қой, түйе сияқты жануарлар мен қасқыр, аю, т.б. жыртқыш аңдарды құрметтеп, оларға табыну ғұрыптары пайда болған.

# Әлкей Хақанұлы Марғұлан

- *Өмірбаяны*
- *1904 ж. мамырдың 11 Ақпеті болысында (қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы) дүниеге келді. Әкесі Хақан – атақты Олжабай батырдың тікелей ұрпағы. Әлкейдің әкесі Хақан мен шешесі Нұрила көптеген халық ертегілері мен аңыздарын білген, үйде халық әндері мен Абай әуендері жиі шырқалатын. Әлкей бес жасында оқып, жаза білуді үйренді, бала кезінде «Қобыланды», «Алпамыс», «Көрұғлы», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» дастандарын жатқа білген. Хақанның шаңырағында белгілі ақын, ғалым Мәшіһур-Жүсіп Көпеев, Жаяу Мұса, Имантай Сәтбаев және қазақ даласына белгілі басқа да адамдар жиі бас қосқан.*



# Жұптық жұмыс

Кестені толтыр. Қола дәуірінің мәдениеті

<b>Мәдениет</b>	<b>Орналасқан жері</b>	<b>Кім зерттеді?</b>
<b>Андронов мәдениеті</b>		
<b>Беғазы-Дәндібай мәдениеті</b>		

# *Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы. Жеке жұмыс*

## 2 тапсырма

Төмендегі сұраққа жауап бер.

Қола дәуіріне жататын белгілі мәдениет неге «Андронов» деп аталады? Аталу себебін төменде жаз.

---

---

---

---

## 3 тапсырма

Сәйкестендір:

<b>ұғым</b>	<b>жауабы</b>	<b>анықтамасы</b>	
<b>Жергөле</b>		Өлікті өртеу ғұрпы	А
<b>Абыз</b>		Еден астына орналастырылған тағам сақтайтын шұңқыр	Б
<b>Кремация</b>		Қола дәуіріне жататын ежелгі қалашық.	С
<b>Ұра</b>		Андрондықтардың баспанасы	Д
<b>Арқайым</b>		Діни жоралғыларды сақтап, қадағалайтын дінбасылар	Е



# Рефлексия

1. БҮГІНГІ САБАҚТА МАҒАН  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ ҚЫЗЫҚТЫ БОЛДЫ.



2. МАҒАН \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ ҚИЫНДЫҚ ТУҒЫЗДЫ.



3. МЕНІҢ КӨНІЛ-  
КҮЙІМ \_\_\_\_\_



(РЕФЛЕКСИЯ ПАРАҚТАРЫНА ТҮСІРЕДІ)



# *Үйге тапсырма*

- *Қазақстандағы жартастарға салынған ежелгі суреттер тақырыбын оқып келу.*